«ZIATKER TURAN» ЖШС 2025-2026 оқу жылындағы

8-сынып жетекшілерінің жылдық жұмыс жоспарына анықтама

2025-2026 оқу жылында 8-сынып оқушыларымен тәрбие жұмыстары Қазақстан Республикасындағы білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастыруға қойылатын талаптарға, мектептің тәрбие жұмысының жоспарына және сынып сағаттарының жылдық жоспарына сәйкес жүйелі түрде жүргізілді.

Тәрбие жұмысының негізгі мақсаты оқушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру, отансүйгіштікке, еңбеккорлыққа, жауапкершілікке, адамгершілікке, өзара сыйластыққа тәрбиелеу, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, құқықтары мен міндеттерін білуге үйрету және тұлғалық дамуына қолдау көрсету.

Оқу жылы барысында тәрбие жұмыстары айлық тақырыптар мен апталық дәйексөздер негізінде ұйымдастырылып, сынып сағаттарында оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай түрлі әдіс-тәсілдер қолданылды. Сынып сағаттары әңгіме, пікірталас, тренинг, бейнеролик көрсету, челлендж, акция, шығармашылық тапсырмалар, топтық жұмыстар және рефлексия түрлерінде өткізілді.

I тоқсан

Қыркүйек - еңбеккорлық және кәсіби біліктілік айы

Оқу жылының алғашқы айында оқушылардың бір-бірімен жағымды қарым-қатынас орнатуына, сынып ұжымының қалыптасуына және мектеп ережелерін сақтауға ерекше көңіл бөлінді.

«Отбасындағы сыйластық» тақырыбындағы сынып сағатында отбасының адам өміріндегі маңызы, ата-ананы құрметтеу, отбасы мүшелері арасындағы өзара түсіністік пен сыйластық туралы түсініктер кеңейтілді. Оқушылар отбасы құндылықтары туралы өз ойларын ортаға салып, отбасындағы жауапкершілік туралы пікір алмасты.

«ДОСБОЛЫКЕ – Буллингтен қорған!» тақырыбында оқушылар арасындағы достық қарым-қатынас, өзара көмек, буллингтің алдын алу және қиын жағдайда көмек сұрай білу мәселелері қарастырылды. Бейнероликтер арқылы буллингтің түрлері мен оның алдын алу жолдары түсіндірілді.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Еңбек түбі – береке» тақырыбындағы сынып сағатында еңбеккорлықтың адам өміріндегі орны, еңбекті бағалау, жауапкершілік және адал еңбек ұғымдары талқыланды.

«Қарияларға құрмет – ұрпақ парызы» тақырыбында карт адамдарды сыйлау, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету дәстүрлері туралы әңгіме жүргізілді.

Қыркүйек айында қауіпсіздік сабақтарында сенім телефондары мен жедел қызмет нөмірлері, көлік құралдарын пайдалану ережелері, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас, гаджеттерге тәуелділіктің алдын алу және кибербуллинг кезіндегі әрекет алгоритмдері қарастырылды.

Қазан - тәуелсіздік және отаншылдық айы

Қазан айында оқушылардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыруға, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге және тарихи тұлғалар туралы білімдерін кеңейтуге бағытталған жұмыстар жүргізілді.

«Ұстаз – мейірімді жүрек иесі» сынып сағатында мұғалім еңбегінің маңызы, ұстазды құрметтеу және білімнің адам өміріндегі рөлі туралы пікір алмасу ұйымдастырылды.

Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына байланысты ұлы ақынның шығармашылығы, қара сөздері, ағартушылық идеялары және ұлттық мәдениетке қосқан үлесі туралы ақпарат берілді. Оқушылар Абайдың нақыл сөздерімен танысып, олардың тәрбиелік мәнін талқылады.

«Қазақстан – ортақ үйіміз» тақырыбындағы сынып сағатында Республика күнінің тарихи маңызы, Қазақстанның тәуелсіздігі, мемлекеттік рәміздер және елімізде өмір сүріп жатқан түрлі этнос өкілдерінің өзара татулығы туралы түсініктер қалыптастырылды.

Қазан айында қауіпсіздік бағытында ата-анаға сенім арту, интернет қауіптері, судағы қауіпсіздік және алғашқы қауіпсіздік дағдылары бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

II тоқсан

Қараша - әділдік және жауапкершілік айы

Қараша айындағы тәрбие жұмыстары оқушылардың бойында адалдық, әділдік, жауапкершілік және құқықтық мәдениет қалыптастыруға бағытталды.

«Адал азамат - Адал еңбек - Адал табыс» тақырыбында адал еңбектің маңызы, еңбектің нәтижесін бағалау, жауапкершілікпен әрекет ету және адалдық қағидалары түсіндірілді.

«Ұлттық валюта – теңге» тақырыбындағы сынып сағатында Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгенің тарихы, оның еліміздің экономикалық өміріндегі орны және қаржылық сауаттылық туралы мағлұмат берілді.

«Сенімділік – сәттіліктің кепілі» тақырыбында оқушылардың өзіне деген сенімін арттыру, құрдастарымен дұрыс қарым-қатынас жасау, буллингтің алдын алу мәселелері қарастырылды.

«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» тақырыбында табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау және үнемшілдік мәдениеті қалыптастырылды.

Қауіпсіздік сабақтарында велосипедпен қауіпсіз жүру, қиын жағдайда адамға қолдау көрсету, оқушының құқықтары мен міндеттері, жедел қызмет нөмірлері және жол қауіпсіздігі мәселелері қамтылды.

Желтоқсан - бірлік және ынтымақ айы

Желтоқсан айында оқушыларды бірлікке, ынтымақтастыққа, отансүйгіштікке және өзара құрметке тәрбиелеуге басымдық берілді.

«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы аясында мектеп пен сынып аумағының тазалығын сақтауға бағытталған жұмыстар жүргізіліп, оқушылар табиғатты қорғаудың маңыздылығын түсінді.

Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл толуына байланысты оның өмір жолы, ерлігі, отансүйгіштігі мен шығармашылық мұрасы туралы тәрбие сағаты өткізілді.

«Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым» тақырыбында Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі, еліміздің жетістіктері, мемлекеттік рәміздер және тәуелсіздіктің қадірі туралы түсінік қалыптастырылды.

«Жаңа жылдық тарту» сынып сағатында оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыру, бір-біріне жылы тілектер айту, сыныптағы жағымды психологиялық ахуалды нығайту жұмыстары ұйымдастырылды.

III тоқсан

Қаңтар - заң және тәртіп айы

Қаңтар айындағы тәрбие жұмыстары оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, заң мен тәртіпті құрметтеуге және адалдық қағидаларын ұстануға бағытталды.

«Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» тақырыбында адалдық сағаты өткізіліп, сыбайлас жемқорлықтың қоғамға кері әсері, адалдық пен әділдіктің маңызы түсіндірілді.

«Қорқыныш сезімі – дос па, әлде жау ма?» тақырыбында оқушылардың эмоцияларын түсінуі, қиын жағдайларда өзін дұрыс ұстауы, көмек сұрай білуі және құрдастарымен қолдау көрсетуі талқыланды.

«Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында оқушылардың құқықтары мен міндеттері, мектептегі тәртіп ережелері және жауапкершілік туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Қауіпсіздік сабақтарында интернеттегі қауіптер, судағы қауіпсіздік, алғашқы медициналық көмек, қан кеткен кездегі әрекет, велосипедпен қауіпсіз жүру сияқты маңызды мәселелер қамтылды.

Ақпан - жасампаздық және жаңашылдық айы

Ақпан айында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға, цифрлық қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға және заманауи мәселелерді дұрыс түсінуіне бағытталған жұмыстар жүргізілді.

«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» тақырыбында Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күніне орай интернетті қауіпсіз пайдалану, жеке мәліметтерді қорғау, бейтаныс адамдармен онлайн қарым-қатынастың қаупі және киберқауіпсіздік ережелері түсіндірілді.

Қазақ поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толуына байланысты ақынның шығармашылық мұрасы, халық әдебиетіндегі орны және ұлттық өнерге қосқан үлесі таныстырылды.

«Лудомания» тақырыбында құмар ойындардың адам өміріне кері әсері, тәуелділіктің алдын алу, бос уақытты тиімді ұйымдастыру және саналы таңдау жасау мәселелері қозғалды.

«Мектеп мүлкіне жанашырлық – мәдениеттіліктің белгісі» тақырыбында мектеп мүлкін қорғау, оқушының мектептегі құқықтары мен міндеттері және ортақ мүлікке жауапкершілікпен қарау түсіндірілді.

Наурыз - тәуелсіздік және отаншылдық айы

Наурыз айында ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу, Отанды сүю, үлкенге құрмет көрсету және ұлттық мәдениетті бағалау бағытындағы жұмыстар жүргізілді.

«Алғыс - ізгі ниет» тақырыбында Алғыс айту күнінің маңызы түсіндіріліп, оқушылар бір-біріне, ата-аналарына, ұстаздарына және айналасындағы адамдарға ризашылық білдірудің маңызын түсінді.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының «Ананың аялы алақаны» челленджіне байланысты отбасылық құндылықтарды нығайту, анаға құрмет көрсету және ата-анамен жылы қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді.

«Наурыз – жыл басы» тақырыбындағы сынып сағатында Наурыз мерекесінің тарихы, ұлттық салт-дәстүрлер, ұлттық ойындар, ұлттық тағамдар және халқымыздың мәдени мұрасы туралы ақпарат берілді.

Қауіпсіздік сабақтарында гаджеттерге тәуелділіктің алдын алу, кибербуллинг жағдайындағы әрекеттер, ата-анаға сенім арту және велосипедшілер мен мопедшілердің қозғалыс ережелері түсіндірілді.

IV тоқсан

Сәуір - еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Сәуір айында оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, ғылымға қызығушылығын ояту және болашақ мамандық туралы түсінігін кеңейту жұмыстары жүргізілді.

«Кітап - сарқылмас бұлақ» тақырыбында «Балалар кітапханасы» жобасы аясында кітаптың адам өміріндегі маңызы, кітап оқу мәдениеті және оқушылардың сүйікті шығармалары туралы пікір алмасу ұйымдастырылды.

«Өмірге салауатты қадам» тақырыбында Дүниежүзілік денсаулық күніне орай дұрыс тамақтану, дене белсенділігі, жеке бас гигиенасы, күн тәртібі және салауатты өмір салты туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

«Байқоңырдан басталған сапар» тақырыбындағы сынып сағатында Қазақстанның ғарыш саласы, Байқоңыр ғарыш айлағы, ғарышкерлер және ғылым мен техниканың жетістіктері туралы мәліметтер берілді.

«Мамандық таңдау – болашақты таңдау» тақырыбында оқушыларға мамандық түрлері, мамандық таңдаудағы жауапкершілік, адамның қабілеті мен қызығушылығының маңызы туралы түсінік берілді.

«Халықтар достығы – ел тыныштығы» тақырыбында Қазақстандағы қоғамдық келісім, түрлі мәдениеттерді құрметтеу, достық пен өзара түсіністік құндылықтары дәріптелді.

Қауіпсіздік сабақтарында желі арқылы танысу қаупі, интернеттегі қауіптер, велосипед қауіпсіздігі, қиын жағдайға тап болған адамға қолдау көрсету және оқушының құқықтары мен міндеттері қарастырылды.

Мамыр - бірлік және ынтымақ айы

Мамыр айындағы тәрбие жұмыстары Отан қорғау, отбасы құндылықтары, достық, бірлік және оқу жылын қорытындылау бағыттарына арналды.

«Ұранды ердің – ұрпағы қайсар» тақырыбында 7 мамыр - Отан қорғаушылар күніне арналған тәрбие сағаты өткізілді. Оқушылар Отан қорғаудың маңызы, әскери қызмет, ел қауіпсіздігі және патриотизм туралы өз ойларын ортаға салды.

«Отбасы - бақыт мекені» тақырыбында отбасы мүшелерінің өзара қолдауы, ата-ананы құрметтеу, отбасындағы жауапкершілік және отбасылық дәстүрлердің маңызы талқыланды.

«Құрдастар арасындағы қатынас мәдениеті» тақырыбында оқушылар арасындағы өзара сыйластық, әдепті қарым-қатынас, жанжалдарды бейбіт жолмен шешу және буллингтің алдын алу мәселелері қарастырылды.

Оқу жылының қорытынды сынып сағатында «Білімім - Отаным!» тақырыбы негізінде оқушылардың оқу жылындағы жетістіктері сараланып, білімнің адам өміріндегі және ел болашағындағы маңызы атап өтілді. Оқушылар өздерінің оқу жылындағы жетістіктері мен алдағы мақсаттары туралы ой бөлісті.

Мамыр айында қауіпсіздік сабақтарында жедел қызмет нөмірлері, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас, гаджеттерді қауіпсіз пайдалану, кибербуллингтен қорғану және жол қауіпсіздігі бойынша қорытынды түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

ҚАУІПСІЗДІК САБАҚТАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ

2025-2026 оқу жылында сынып сағаттарымен қатар әр аптада қауіпсіздікке бағытталған қысқа сабақтар ұйымдастырылды.

Оқушыларға төмендегі бағыттар бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді:

- Қазақстандағы сенім телефондары мен жедел қызметтердің нөмірлері;

- жол қозғалысы ережелері;
- көлік құралдарын пайдалану қауіпсіздігі;
- бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезіндегі қауіпсіздік;
- интернеттегі қауіптер;
- кибербуллингтен қорғану;
- гаджеттерге тәуелділіктің алдын алу;
- суда қауіпсіздік сақтау;
- велосипед, мопед және басқа көлік құралдарымен қауіпсіз қозғалу;
- қиын жағдайға тап болған адамға көмек көрсету;
- алғашқы медициналық көмек көрсету;
- оқушылардың құқықтары мен міндеттері;
- ата-аналарға және сенімді ересектерге жүгіну;
- желі арқылы танысу кезіндегі қауіптер;
- қоғамдық орындардағы қауіпсіздік ережелері.

Қауіпсіздік сабақтарының негізгі мақсаты – оқушылардың күнделікті өмірде кездесуі мүмкін қауіптердің алдын алу, дұрыс шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру және өз өмірі мен айналасындағы адамдардың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

ЖОБАЛАР МЕН АКЦИЯЛАРДЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

Оқу жылы барысында тәрбие жұмысының мазмұнын толықтыру мақсатында бірқатар жобалар мен іс-шаралар жүзеге асырылды. Атап айтқанда:

1. **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** – оқушыларды еңбеккорлыққа, адал еңбекке және жауапкершілікке тәрбиелеу.
2. **«ДОСБОЛЫҚ» жобасы** – достық қарым-қатынасты нығайту, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу.
3. **«Қамқор» жобасы** – қоршаған ортаға және айналадағы адамдарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.
4. **«Smart bala» жобасы** – цифрлық сауаттылық пен қауіпсіз интернет мәдениетін қалыптастыру.
5. **«Балалар кітапханасы» жобасы** – кітап оқуға қызығушылықты арттыру.
6. **«Адалдық сағаты»** – адалдық, әділдік, жауапкершілік және құқықтық мәдениетті қалыптастыру.
7. Табиғатты қорғауға бағытталған «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы.
8. «Ананың аялы алақаны» челленджі арқылы отбасылық құндылықтарды дәріптеу.

Жобалар мен акцияларға оқушылар белсенді қатысып, өздерінің шығармашылық қабілеттерін, жауапкершілігін және қоғамдық белсенділігін көрсетті.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ

2025-2026 оқу жылында жүргізілген жүйелі тәрбие жұмыстары нәтижесінде 7-сынып оқушыларының бойында:

- отбасын және ата-ананы құрметтеу;
- үлкенге ізет, кішіге қамқорлық көрсету;
- достық қарым-қатынасты сақтау;
- буллингке жол бермеу және оның алдын алу;
- адалдық пен әділдікті бағалау;
- өз құқықтары мен міндеттерін білу;
- мектеп ережелерін сақтау;
- еңбекке жауапкершілікпен қарау;
- туған жерге және Отанға деген сүйіспеншілік;
- ұлттық салт-дәстүрлерді құрметтеу;
- табиғатқа жанашырлықпен қарау;
- салауатты өмір салтын ұстану;
- интернет пен гаджеттерді қауіпсіз пайдалану;
- төтенше жағдайларда дұрыс әрекет ету;
- өзара көмек пен ынтымақтастық

сияқты құндылықтар мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған жұмыстар атқарылды.

Оқушылар сынып сағаттары барысында өз пікірлерін ашық білдіруге, топпен жұмыс жасауға, бір-бірін тыңдауға, ортақ шешім қабылдауға және жауапкершілік алуға үйренді.

АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС

Оқу жылы барысында ата-аналармен байланыс та тәрбие жұмысының маңызды бағыты ретінде қарастырылды.

Ата-аналарға оқушылардың қауіпсіздігі, интернетті дұрыс пайдалану, гаджеттерге тәуелділіктің алдын алу, буллинг пен кибербуллингтен қорғау, баламен сенімді қарым-қатынас орнату және отбасындағы психологиялық ахуалды сақтау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы аясында отбасылық құндылықтарды нығайтуға, ата-ана мен бала арасындағы өзара сенім мен түсіністікті арттыруға бағытталған жұмыстар ұйымдастырылды.

ҚОРЫТЫНДЫ

2025-2026 оқу жылында 7-сыныптарда тәрбие жұмыстары жоспарға сәйкес жүйелі түрде жүргізілді. Сынып сағаттарының мазмұны айлық тәрбие бағыттарымен, апталық дәйексөздермен, ұлттық және мемлекеттік мерекелермен, оқушылардың жас ерекшеліктерімен және қауіпсіздік талаптарымен сабақтастырылды.

Жыл бойы оқушылардың адамгершілік, патриоттық, құқықтық, еңбек, экологиялық, отбасылық және цифрлық мәдениетін қалыптастыруға басымдық берілді. Сонымен қатар оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруға, өзара қарым-қатынас мәдениетін жетілдіруге, қауіпсіздік ережелерін меңгеруіне және қоғамдық ортада жауапкершілікпен әрекет етуіне жағдай жасалды.

Жүргізілген жұмыстар оқушылардың тұлғалық дамуына, сыныптағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыруға және ұйымшыл сынып ұжымын нығайтуға ықпал етті.

Алдағы оқу жылында оқушылардың өзін-өзі басқару белсенділігін арттыру, оқу мотивациясын қолдау, кәсіби бағдар беру, құқықтық және цифрлық сауаттылығын жетілдіру, буллингтің алдын алу, отбасылық құндылықтарды нығайту және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын одан әрі дамыту жұмыстары жалғастырылады

Сынып жетекші әдістеме бірлестік жетекшісі: Г.Омархан

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: М.А.Жадикова